



## Әл-Омаридің Алтын Орданың тарихи географиясына қатысты мәліметтері<sup>1</sup>

З.С. Ильясова<sup>а</sup>, \*М.С. Ноғайбаева<sup>б</sup>

<sup>а</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы  
(E-mail: [zibaguliyasova@gmail.com](mailto:zibaguliyasova@gmail.com))

<sup>б</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы  
(E-mail: [nmskaz1129@gmail.com](mailto:nmskaz1129@gmail.com)). \*Байланыс үшін автор: [nmskaz1129@gmail.com](mailto:nmskaz1129@gmail.com)

### ARTICLE INFO

### АННОТАЦИЯ

#### Кілт сөздер:

Алтын Орда,  
әл-Омари, тарихи  
география,  
топонимика,  
экономикалық  
география, Сарай,  
Тұраң, Арқ Тағ,  
Тыныбек.

FTAMP 03.20.00

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-3-51-68>

Араб тарихшысы әл-Омари жазып қалдырған жазба деректер өзінің тұпнұсқалық сипатына орай Алтын Орда тарихы үшін ең құнды әрі маңызды дереккөз болып табылады.

Алтын Орда тарихына қатысты археологиялық, тарихи қосалқы пәндердің жаңа мәліметтері ғылыми айналымға енген сайын, классикалық жазба деректердің мәліметтеріне қайтадан сын көзбен қарау және оны жаңа тұрғыдан талдау қажеттілігі де туындайды. Мақалада әл-Омаридің мәліметтері Алтын Орданың тарихи географиясы, соның ішінде Алтын Орданың шекарасы, ортағасырлық алтынордалық қалалардың топографиясы, қалалардың гүлдену динамикасы, тарихи топонимикасы, экономикалық географиясына қатысты соңғы зерттеулердің нәтижелеріне қатысты қайта сарапталады. Деректегі Арқ Тағ/Уруктағ оронимін Орал тауларының түркілік атауы ретінде қарастырамыз. Автордың Алтын Орданың экономикалық географиясына қатысты мәліметтері көшпелі мал шаруашылығын ұйымдастыру заңдылықтары, көшпелілердің көші-қон маршруттары, керуен жолдары туралы басқа дерек көздері мен зерттеулер тұрғысынан алғандағы нақтылығы және көшпелілер шаруашылығын ұйымдастырудың экологиялық сипатын анықтау тәрізді сауалдар шеңберінде талданады. Әл-Омаридің Алтын Орданың тарихи географиясына қатысты мәліметтері жаңа зерттеулердің нәтижелерімен қоса тарихи-салыстырмалы талдау әдісі арқылы да талданады. Зерттеу барысында логикалық позитивизм әдісі негізінде дерек мәліметтерін қайта сараптау Алтын Орданың саяси, әкімшілік құрылымы, көшпелі мал шаруашылығының сипаты, ұйымдасу ерекшеліктері туралы тың тұжырымдар жасауға мүмкіндік беріп отыр.

Received 07 May 2024. Revised 14 May 2024. Accepted 14 August 2024. Available online 30 September 2024.

**Дәйексөз үшін:** З.С. Ильясова, М.С. Ноғайбаева Әл-Омаридің Алтын Орданың тарихи географиясына қатысты мәліметтері // Turkic Studies Journal. 2024. Т. 6. № 3. 51-68 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-3-51-68>

**For citation:** Z.S. Ilyasova, M.S. Nogaiabaeva Al-Omari's information on the historical geography of the Golden Horde // Turkic Studies Journal. 2024. Vol. 6. No 3. P. 51-68. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-3-51-68>



<sup>1</sup> Жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен жүзеге асырылды (BR21882416 «Орталық Азияның тарихи географиясы»).

## Кіріспе

Араб тарихшысы әл-Омари жазып қалдырған жазба деректер Шыңғыс хан және оның алғашқы мұрагерлері дәуіріндегі Дешті Қыпшақтың және басқа да көптеген елдер мен халықтардың тарихы туралы ең құнды әрі маңызды дереккөз болып табылады.

Осы кезеңге дейінгі зерттеушілердің барлығы дерлік әл-Омари (толық аты-жөні Шиһаб ад-Дин Ахмад ибн Йахйя ибн Фадлулла әл-Омари ад-Димашқи) шығармаларының Жошы ұлысы - Алтын Орда тарихының дерек көзі ретіндегі маңызын атап өтіп, оның мағлұматтарын Алтын Орда тарихының әртүрі аспектілері бойынша дерек ретінде талдады. Әл-Омари географияға, саясатқа, астрономияға қызығушылық танытты, әртүрлі халықтардың тарихын зерттеді. Шамнан Хиджаз бен Андалусияға сапар шекті. Әл-Омари Сұлтан әл-Мәлик ан-Насир әл-Калауын кеңесінің хатшысы болды, бұл оған еңбектерін құрастыру кезінде Мәмлүк сұлтанатының ресми құжаттары мен мұрағаттарын пайдалануға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, автор оқиға куәгерлерінің аузынан естіген ақпараттарын шығармаларына арқау еткен. Әл-Омаридің негізгі еңбектері: «Масалик әл-абсар фи мамалик әл-әмсар» (مسالك الأبحار في ممالك الأمصار – Masalik al-abṣar fi mamalik al-āmṣar) «Үлкен қалалары бар мемлекеттерді шолу жолдары»), at-Taʿrif fi mustalah ash-sharif (في المصتلاح الشريف التعريف) («Қабылданған жоғары стильмен танысу») деп аталады.

Барлық зерттеушілер әл-Омаридің Жошы Ұлысы туралы негізгі мәліметтерді бұл елге сауда-саттық және дипломатиялық іс-сапармен барған адамдармен жеке сұхбаттасу арқылы алғанын атап өтеді. Ақпарат берушілер әл-Омари жеке кездескен Парсы мен Орта Азиядан келген саяхатшылар болды. Олар берген ақпараттар Алтын Орда өмірінің сан алуан жақтарын жүйелі түрде баяндамаса да, өзінің аутентивтілігі жағынан айтарлықтай маңызды ақпарат көзі болады.

Дегенмен, Алтын Орда тарихына қатысты археологиялық, тарихи қосалқы пәндердің, ауызша дереккөздерінің жаңа мәліметтері ғылыми айналымға енген сайын, классикалық жазба деректердің мәліметтеріне қайтадан сын көзбен қарау және оларды жаңа тұрғыдан талдау қажеттілігі де туындап отыр. Осыған орай мақалада әл-Омари мәліметтері Алтын Орданың тарихи географиясы, соның ішінде Алтын Орда шекарасы, ортағасырлық алтынордалық қалалардың топографиясы, тарихи топонимикасы, экономикалық географиясына қатысты соңғы зерттеулердің нәтижелеріне қатысты қайта талданады. Мәселен, автордың Алтын Орданың экономикалық географиясына қатысты мәліметтері көшпелі мал шарушылығын ұйымдастырудың заңдылықтары мен көшпелілердің көші-қон маршруттары, керуен жолдары туралы басқа да дерек көздері мен зерттеулер тұрғысынан алғандағы нақтылығы және көшпелілер шаруашылығын ұйымдастырудың экологиялық сипатын анықтау тәрізді сауалдар шеңберінде сарапталады.

## Материалдар мен әдістер

Эл-Омаридің Жошы Ұлысы тарихына қатысты кейбір мәліметтері В.Г. Тизенгаузеннің 1884 жылы жарық көрген атақты Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағында жарияланған кезінен бастап ғылыми айналымға кең көлемде енді (Тизенгаузен, 1884). Үзінділердің кеңейтілген нұсқасын 2005 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында академик Б.Е. Көмеков пен А.К. Муминов (История Казахстана по арабским источникам, 2005: 168-190) толықтырып, қайта басып шығарды. Ғылыми жұмысымыздың дерек көзі ретінде Клаус Лерхтің 1968 жылғы Алтын Орда тарихына қатысты неміс тіліндегі басылымындағы эл-Омаридің «Масалик эл-абсар фи мамалик эл-амсар» («Елді мекендерге көз жүгіртудің жолдары») атты шығармасының араб тіліндегі факсимилесі (Lech, 1968) және 1971 жылғы Мухаммед Али Байдонның басшылығымен жарияланған 27 томдық Бейрут басылымы (Al-‘Umarī, T. III. 1971) салыстырмалы түрде пайдаланылды. Сонымен бірге 1992 жылы Самир ад-Даруби басшылығымен жарияланған эл-Омаридің екінші еңбегі «ат-Та‘риф фи-л-мусталах аш-шариф» («Жоғарғы кеңсе терминологиясымен танысу») атты шығармасының Бейрут басылымдары қолданылды (Al-‘Umarī, 1992).

Эл-Омари еңбегіндегі мәліметтерді Алтын Орданың тарихи географиясына қатысты дерек ретінде қарастыруда ең алдымен тарихи-салыстырмалы және сыни талдау әдістері басшылыққа алынды. Дерек мәліметтерін талдағанда, нақтылыққа алып келетін деректанулық зерттеу әдісіне ерекше мән берілді. Сонымен қатар зерттеу барысында логикалық позитивизм, баяндау әдістері де пайдаланылды.

## Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Тақырыптың зерттелу дәрежесін екі проблема шеңберінде айқындауға болады деп есептейміз. Бірінші мәселе жалпы Алтын Орданың тарихи географиясының зерттелуіне қатысты болса, екінші мәселе тікелей эл-Омаридің мәліметтері талданған еңбектерден тұрады. Алтын Орданың тарихи географиясына қатысты ең алғашқы іргелі еңбек В.Л. Егоровтың зерттеуі болғаны айқын (Егоров, 1985). Бұл еңбекте ХХ ғасырдың 80-жылдарына дейінгі мәселенің зерттелу дәрежесі толық талданған. Зерттеуде Алтын Орданың саяси, тарихи географиясының мәселелері, атап айтқанда, оның мемлекеттік шекаралары, қалалары қарастырылды. Автор өзі атап өткендей, оның экономикалық географиясына қатысты мәселелер толық әрі терең қамтылмады. Сондықтан бұдан кейінгі жылдарда шыққан зерттеулерде Алтын Орданың тарихи географиясының кейбір аспектілері жекелеген зерттеулерге арқау болды. Соның ішінде эл-Омари мәліметтері бойынша кейбір ономастикалық атаулар В.В. Напольскихтің (Напольских, 2006) еңбегінде талданса, осы мақала авторларының бірі З. Ильясованың еңбектерінде эл-Омари мен эл-Қашқандидің Дешті-Қыпшақтың тарихи географиясына қатысты мәліметтеріне салыстырмалы талдау жасалды (Ильясова, Айгумусова, 2018). Г.Г.

Владимиров дерек авторының бұлғарлар туралы мәліметтерін жеке талдау нысаны ретінде қарастырды (Владимиров, 2010). Осыдан 20 жылдай бұрын жарық көрген мақаласында Е. Гончаров әл-Омари дерегіндегі Сарай туралы мәліметтерге жаңа көзқарас ұсынған еді (Гончаров, 2000). Дегенмен аталған автордың дерекке көзқарасы Хироюки Нагаминенің осы жылы жарық көрген Алтын Орданың астанасы Сарай қаласына арналған мақаласында әл-Омаридің аталған қала туралы мәліметтерін қайта қарастыру арқылы жаңа тұрғыдан талданды (Khiryoyuki, 2024). Әрине, Алтын Орданың тарихи географиясының жекелеген мәселелері мен оған қатысты әл-Омари мәліметтері жалпылама түрде Алтын Орда тарихына арналған көптеген зерттеулерде аталып өтеді. Біздің басты назарымыз әл-Омаридің Алтын Орданың тарихи географиясына қатысты мәліметтерін соңғы жылдардағы жаңа зерттеулердің нәтижелерімен салыстырмалы талдау арқылы қарастыруға бағытталған.

### Талдау

Алтын Орданың шекарасына қатысты кейбір мәліметтер.

Әл-Омари Алтын Орданы Хорезм мен Қыпшақ деп атайды. Ол – Алтын Орда шекарасы мен аумағын алғашқы болып көрсеткен автор. Енді автордың мәліметтеріне назар аударайық.

1. Құрметті Хасан әл-Арбали көпес әрі саяхатшы Бадр ад-Дин Хасан ар-Румидің: Хорезм, Сығанақ, Сауран, Ярканд, Жезд, Сарай, Маджер қаласы, Азақ, Ақджакерман, Каффа, Судак, Саксин, Укак, Бұлғар және Сібір, Ибир (Al-‘Umarī, 1971: 151) Башқұрт, Жолман губерниялары (облыстары), Жолманнан кейін Сібір губерниясының шекаралары әл-Хитай жерлерінің шекарасымен түйісетіндігін айтқанын еске алады. Ол: «Баку қаласы – Шируан жеріндегі қалалардың бірі, ол жерде түріктер Демир Капу деп атайтын Темір Қақпа бар. Баку қаласы деген ұғымды білдіретін Темір Қақпадан Сібір мен Ибір жағындағы әл-Хитай мемлекетінің шекарасына дейін керуен бес ай жүреді, бұл – мемлекеттің ұзындығы. Ал Жайхун өзенінен Туна (Дунай) өзеніне дейін керуен жолы төрт айға созылады, бұл – мемлекеттің ені», – деген еді (Lech, 1968:75; Al-‘Umarī, 1971: 151; История Казахстана по арабским источникам, Т.І. 2005: 175-176).

2. Бұл мемлекеттің Ыстамбұл теңізінен Ертіс өзеніне дейінгі ұзындығы алты айлық жолды, ал Бұлғардан Темір Қақпаға (Баб әл-Хадид) дейінгі ені төрт айға жуық жолды құрайды (Lech, 1968: 78; Al-‘Umarī, 1971: 153; История Казахстана по арабским источникам, Т.І. 2005: 177).

3. Ан-Нуман: «Бұл мемлекеттің ені Ескендір салған қала ғимараттары Демир Капудан басталып, Йугра мемлекетіне дейін созылады, бұрын бұл жерде Темір Қақпалар болған, қазір олар жоқ. Оның ұзындығы Мысыр Нілінен үлкенірек Иртиш (Ертіс) (1971 жылғы баспада Ламранс деп жазылып кеткен. (Al-‘Umarī, 1971: 154) суынан бастап, әл-Хитай мемлекетінің көптеген жерін баса отырып, Ыстамбұлға дейін ағып жатыр және бұл ұзындығы Немендж деген елге аздап жетеді. Немендж – Рус және Фарандж

мемлекеттерінің арасындағы ел», – деп хабарлады (Lech, 1968: 79-80; Al-Umarī, 1971: 154-155; История Казахстана по арабским источникам, Т.І. 2005: 178-179).

*Талдау:*

1. Автор бірінші мәліметте Алтын Орданың оңтүстіктегі шекарасы шектесетін аймақ ретінде Темір Қақпаны көрсете отырып, оны Баку қаласы деп атайды. Зерттеушілер мұндағы Темір қақпаның Баку емес, Дербент қаласы екендігін дәлелдеп отыр (Егоров, 1985: 30)

2. Әл-Омаридің Немедж елін В.Л. Егоров қазіргі Венгрия болуы керек деп болжаған еді (Егоров, 1985; 30), ал, соңғы кезде зерттеушілер бұл атауды көне орыс тіліндегі неміс (немец – авт.) сөзінен алынған Германия деп көрсетіп отыр (Напольских, 2006)

3. Әл-Омари өз жазбаларында орта ғасырларда белгілі түркі географиялық атауларын келтіреді. Әмудария өзенін Жейхун, Сырдарияны – Сайхун, Арал теңізін – Хорезм көлі, Каспий теңізін – Хазар, т.б. қолданады.

*Алтын Орда астанасы – Сарай қаласы және орналасқан жері туралы.*

1. Билеушінің астанасы – Сарай қаласы. Бұл – құм мен өзеннің арасындағы шағын қала. Оның сұлтаны – қазір сол жердің билеушісі Өзбек хан, ол ғылымға арналған медресе (мектеп) салды. Ол ғылымға және өз халқына үлкен құрметпен қарайды (Lech, 1968: 144).

2. Маған аудармашы (тілмаш) ад-Дадил Шуджа ад-Дин Абд ар-Рахман әл-Хорезми: «Сарай қаласын Берке Тұран өзенінің жағасында, тұзды, қабырғасы (қоршауы) жоқ жерде салған (Lech, К, 1968: 81). Онда билеушінің үйі екі мысырлық кантир тұратын алтын жарты айының үстіндегі үлкен сарай (История Казахстана по арабским источникам, 2005: 179). Сарай қабырғалармен және мұнаралармен, сондай-ақ оның әмірлерінің үйлерімен қоршалған. Бұл сарай олардың қысқы үйі», – деп айтты (Lech, 1968: 81; Al-Umarī, 1971: 155; История Казахстана по арабским источникам, 2005: 179).

3. Бұл өзен (Итиль) Нілден үш есе ірі және үлкен, оның бойымен үлкен кемелер жүзіп, Рустар мен Славяндарға барады. Бұл өзен Славяндар мемлекетінен бастау алады. Ол былай деді: «Бұл, яғни Сарай қаласы, базарлары, моншалары, қайырымдылық мекемелері бар үлкен қала. Қала орталығында су қоймасы (тоған) бар, оның суы осы өзеннен келеді. Бұл су тек жұмысқа ғана пайдаланылады. Ал ауыз суға келсек, оны олар өзеннен алады. Олар суды саз құмыралармен алып, арбаларға қатар-қатар салып, қалаға апарып сатады» (Lech, 1968: 81; Al-Umarī, 1971: 155-156; История Казахстана по арабским источникам, 2005: 179).

*Талдау:*

1. Қалаға қатысты қызғылықты фактілерді былайша топтастыруға болады. Әл-Омари еңбегінде Сарай қаласының көлемі мен келбеті туралы екі түрлі ақпарат берілген (кіші шағын қала/үлкен гүлденген қала – авт.) Деректе қала атауы Сарай және Берке тұрғызған Сарай немесе Сарай Берке деп аталады. Сарай – Өзбек ханның ордасы.

2. Е.Ю. Гончаров әл-Омаридің бұл ақпаратын талдай келе, Сарай қаласы туралы ақпарат берген тұлғалар Алтын Ордаға әртүрлі кезеңде келген деген пікірді алға тартады.

Автор алғашқы ақпарат беруші қалаға Өзбек хан билігінің басында келсе, екіншісі оның аяғына таман келген деп болжам жасайды. Одан әрі әл-Омари сипаттап отырған Сарайды ғылыми әдебиеттегі Сарай әл-Жадид ретінде талдай отырып, оны Өзбек хан тұсындағы Астархан облысы Харбала ауданы Селиторный аулының жанындағы қала деп санайды. Автор Өзбек ханға дейінгі Сарай шағын сауда орталығы мен қолөнер факториясы болған болу керек деген болжам жасай отырып, ислам ықпалының артуымен Алтын Орданың мұсылман әлемінің бөлшегіне айналуына байланысты Өзбек хан қаланы кеңейтіп, жаңа құрылыстар: мешіттер мен медіреселер, моншалар салғанын, қала базарларының кеңейгенін атап өтеді. Сондықтан да қала әл-Жадид – жаңа деген атауға ие болды деп тұжырымдайды. Осылайша, XIV ғасырдағы басқа деректерге қарай отырып, астананың көшуі немесе екі Сарай қаласы туралы айту негізсіз деген тұжырымын ұсынады. Әл-Омаридің дерегіндегі Сарай туралы екі түрлі ақпарат XIV ғасырдағы бір қаланың дамуына қатысты сипаттамалар деп тұжырымдайды (Гончарев, 2000)

3. Алтын Орданың астанасы Сарай қаласы туралы тарихнамалық пікірлерді топтастырсақ: алғашқы топты Сарай – Царев елді мекенінің аумағында орналасқан (В.В. Григорьев, А.В. Терещенко, Х.М. Френ), екінші топты Сарай – Селитренное ауылы маңында орналасқан (Ф.Г. Мюллер, Г. Рыбушкин) деген пікірлерді ұсынған авторлар құрайды. Келесі пікірлер легі Ескі Сарай қаласы туралы болды: Ескі Сарай Селитренное ауылы маңында, Жаңа Сарай Царев елді мекені аумағында орналасты (Ф.К. Брун, Яков, Д.Ф. Кобеко, И. Осмоловский, Г.С. Саблуков, А.А. Спицын, Ф.Ф. Чекалин).

Осылайша, XIX ғасырдың аяғында ғылыми ортада Алтын Орданың екі астанасы Сарай қаласы туралы пікір орын алып, ол XX ғасырда да одан әрі барлық ғылыми зерттеу еңбектерінде көрініс тапты. Қазіргі таңда ғылыми әдебиетте қалыптасқан Алтын Орданың екі астанасы Сарай Бату мен Сарай Беркені екі бөлек қала деген немесе астананың ауысуы туралы кең таралған тарихнамалық пікірлердің тұжырымы мынаған келіп саяды:

Алтын Орда мемлекетінің астанасы – Сарай қаласы XIII ғасырдың екінші жартысында Селитренное аулының оңтүстігінде орналасқан Красноярск қонысының орнында пайда болған. Қазба жұмыстары нәтижесінде алынған нумизматикалық материалдар XIV ғасырдың 30-жылдарының соңына дейінгі хронологиялық кезеңді қамтиды. Кейіннен қала жаңа орынға, Селитренное маңына қарай көшірілген. Астана орнының ауысуына Каспий теңізі деңгейінің күрт көтерілуі себеп болған көрінеді. Жаңа Сарайдың 1330 жылдары пайда болғанын XV ғасырдың 40-жылдарының басында Жаңа Сарай туралы алғаш рет хабарлай бастайтын жазба деректер, сондай-ақ Селитренное қонысындағы көп жылдар бойы жүргізілген қазба жұмыстары кезінде алынған бай нумизматикалық материалдар растайды (Ильина, 2006: 24)<sup>2</sup>. Сондықтан әл-Омари хабарлап отырған екі түрлі сипаттағы Сарай қаласы Алтын Орда астанасының даму кезеңдеріне қатысты сипатталған бір қала туралы болып отырғанын көреміз.

<sup>2</sup> Ильина О.А., 2006. Историческая топография и локализация золотоордышских городов нижнего Поволжья: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Волгоград.

*Тұран аймағы және Тыныбек хан туралы.*

Эл-Омари Иран мен Тұран және оған жапсарлас Евфрат ағынынан күн шығыс орындарына дейінгі аймақтардың ұлы патшалары атты бөлімінде Тұран ұғымы мен оның аймағы туралы мынадай анықтама береді.

1. «Тұран – Афрасийаб, Түркі патшасының қолында болған Хакандар патшалығы. Ол (созылып жатыр) Балх өзенінен (жердің) орталық белдеуінен күн шығысқа дейінгі жерлерге; Оңтүстіктен оны (оң жағынан) Синд, сосын Инд жерлері қоршап жатса, Солтүстіктен Хифджахтар, немесе Қыпшақ халқының жерлері, Сақалиба (немесе славяндар – авт.) жері, Черкестер, орыстар, мажарлар және олармен көршілес өмір сүретін түрлі тайпалардан тұратын Солтүстікті мекендейтін халықтар қамтиды. Тұранға көптеген мемлекеттер, кең байтақ елдер, жекелеген облыстар және түрлі ұлттар кіреді. Оларды толық санамалап шығу мүмкін емес; ол Газна, Бамийан, Гурлар елдері, өзеннен кейінгі (Мавраннахр) жерлер – өзен, мұнда Жейхан деп көрсетілген, Бұхара, Самарқанд, Соғд, Ходжент және Түркістанның басқа да жерлері, Усрушан, Ферғана, Баласағұн, Тараз, Сайрам және Хатай жерлері; Бесбалық және Алмалық Қарақорымға дейін кіреді» (Al-Umari, 1992: 56-57; История Казахстана по арабским источникам, 2005: 184-185).

*Талдау:*

1. Бұдан әрі эл-Омари Тұран патшалығының 3 бөліктен тұратыны туралы жазады. Бұл үш аймақтың даңқты 3 сұлтаны, яғни билеушілерінің бірі «кәпір», екеуі мұсылман дінінде екендігін хабарлайды. Мұсылман емес сұлтан ретінде Қарақорымдағы Құбылай мұрагерлері мен Ирандағы Хулагидтік ильхандар аталады. Эл-Омари бұл елдің билеушілері де (хулагидтер - авт) мұсылман дінін қабылағаны туралы хабар жеткенін жазады. Эл-Омари хабарлап отырған кезеңде, XIV ғасыр басынан бастап бұрын антимәмлүктік коалиция құрған Юань империясы мен Хулагидтердің мүдделері расымен өзгере бастаған еді. Юань билеушілерінің батыс бағыттағы қызығушылықтары әлсірей бастаса, хулагидтер де христиандық бағыттан бас тартып, мұсылман дінін қабылдай бастады (Миргалеев, 2011: 28.).

2. Ал қалған екі мұсылман сұлтанның бірі ретінде – Сарай, Хорезм, Қырым және Дешті Қыпшақтың «Берке үйі» деп аталған Алтын Орда билеушісін атайды. «Эл-Омари қазіргі таңда қыпшақтардың билігі Өзбек хан ұлдарының бірі Жәнібек не Тыныбектің, менің пайымдауымша, Тыныбектің қолында болуы керек», - деп жазады (История Казахстана по арабским источникам, Т.І. 2005: 187). Қазіргі таңдағы зерттеулердің көпшілігінде Тыныбектің хан болғандығы туралы пікірлер әртүрлі. Кейбір зерттеушілер оның хан болғанына күмәнмен қарайды. Мәселен, Қ. Өскенбай Тыныбектің Сарайда хан болғанына күмән келтіреді (Ускенбай, 2013: 227-232). Тыныбектің хандық билік құрған мерзімі мен уақыты туралы нақты деректер көп кездеспейді. Тыныбекті әкесі Өзбек ханның көзі тірісінде тақ мұрагері ретінде жарияланғанын оны өз көзімен көрген Ибн-Баттута (XIV ғ.) да жазған. Аталған автор оның аз уақыт қана билік құрғаны туралы хабар береді (История Казахстана по арабским источникам, Т.І. 2005: 222). Бірақ зерттеуші

И.Ю. Лапшина да Тыныбектің хан болмағаны туралы пікірлерін тұжырымдай келе, Жәнібектің әкесінің көзі тірісінде мемлекет істеріне араласып, тақ мұрагері ретінде есептелгенін папа Бенедикт XII-нің 1340 жылдары Өзбек пен Жәнібекке жазған хаттарын талдау арқылы негіздейді (Лавшина, 2019: 547-550). Дегенмен, біз өз кезегімізде Рим папасымен салыстырғанда, Мысыр мәмлүктерінің Алтын Орда билеушілерімен тығыз байланыстарының нәтижесінде олардың Сарайдағы саяси жағдай туралы анағұрлым толық хабардар болғанын алға тартамыз. Кейбір зерттеушілердің Тыныбек әкесі қайтыс болғаннан кейін аз ғана уақытқа (1341-1342 жж.) билік құрғаны, бірақ Сарайдағы билікті толық қолына алып үлгермей, Жәнібек хан тарапынан ұйымдастырылған қастандық салдарынан қайтыс болғандығы туралы пікірлері негізді деп санаймыз. Алтын Ордалық атақты шайыр Құтыб Низамидің «Хұсрау Шырын» дастанын парсы тілінен еркін түрде түркі тіліне аударып, оны Тыныбек пен әйеліне тарту ретінде сыйлағаны туралы ақпарат та Тыныбектің аз уақыт болса да хан ретінде танылғанын негіздей түседі (Алтын Орда әдебиеті, 2022) деп санаймыз.

*Көш жолдары мен Арқ Тағ оронимі туралы.*

1. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл мемлекеттің қыстауы Сарайда орналасқан. Ал барлық Тұрын (Тұран – авт.) билеушілерінің жайлауы Арқ Тағ деген тауда болатын. Оның ұзындығы Қытай шекарасынан Батыс шекараларына дейін созылады және әл-Мухит теңізінде, Сабта шекарасында және ар-Руми теңізіне дейін созылып жатыр. Тұранның барлық жерлері оның оңтүстік жағында орналасқан (Lech, 1968: 81; Al-Umari, 1971: 157;).

*Талдау:*

1. Бұл мәліметтен Еділ бойы, Оңтүстік Орал және Оңтүстік Сібір аймағы далаларында қоныстанған көшпелілердің ерте ортағасырлар кезеңінен сақталып қалған дәстүрі бойынша маусымдық жайылымдарға көшу маршруттары Алтын Орда кезеңдерінде де сақталып қалғанын көреміз. Қазіргі Татарстан республикасының оңтүстік-шығыс аумағында орналасқан Бұғылмы (Бугульминское плато – авт.) үстірті мен Оңтүстік Орал аумағын жазғы жайлау ретіне пайдаланған көшпелі ру-тайпалар қыста Сырдарияның төменгі ағысы, Еділ өзені аумағы мен Арал бойына қарай көшкен (История татар, 2006: 264). Н. Масанов зерттеушілердің Еуразия көшпелілерінің қысқы жайлаулары сирек жағдайларды қоспағанда, көшпелі аудандардың оңтүстігінде шөл және шөлейт аймақтарында орналасқаны туралы тұжырымдарына сүйене отырып, мұндай көші қон маршруттары XVIII ғасырға дейін сақталып, қолданыста болғанын атап өтеді. Сондай-ақ, А.Е.Алекторовтың: «қырғыздардың көшіп-қонуларының дәл және жүйелі болғаны сонша, олардың кез келген көшпелі ауылдарын жылдың қай күні қайдан табуға болатынын алдын ала айтуға болады», – деген тұжырымын келтіреді (Масанов, 2011: 311). Осылайша, жердің шұрайлылығы мен маусымдық өнімділігі факторы көшпеліліктің табиғи жолмен реттелген әрі қатаң белгіленген маршруттар бойынша анықталатын өзіндік заңдылығын туындатқан.

2. Көшпелілердің көші-қон жолдары мен керуен жолдарының маршруттары көп жағдайда бір-бірімен сәйкес келетін. Мәселен, Ә. Марғұлан Бетпақдала арқылы өткен керуен жолдары туралы жаза келе, бұл жолдардың ең шығысы ерте орта ғасырларда



Талас пен Шу өзендері аңғарларының мәдени оазистерін (Құлан және Талас) Ертіс даласы мен Ертістегі қимақтардың қоныстарымен байланыстырса, ортағасырлар кезеңінде (Алтын Орда дәуірінде – авт.) Батыс Сібір қалаларына дейін жеткенін атап көрсеткен (Марғұлан, 1949: 17). Бұл керуен жолы Шу өзенінің орта ағысынан (Көктерек ауданы) солтүстік және солтүстік-шығысқа қарай, Бетпақдала шөлін кесіп өтіп, Жамбыл, Қайыптың қызылжартасы, Болаттау таулары арқылы Сарысу өзенінің жоғарғы ағысына (Жаңаарқа станциясы) шыққан. Сол жерден өзен аңғарының бойымен Нұра және Есіл даласын бойлай Есіл мен Тобыл, Ертіс өзендерінің төменгі ағысына дейін жетеді. XVIII ғасырдың ортасынан бастап бұл керуен жолы Ханжол (Хан жолы) деп атала бастаған (Марғұлан, 1949: 17).

Бастапқы нүктелері оңтүстіктен, Отырар, Түркістан және Созақтан бастау алатын бұл жолдар Бетпақдаланы меридиандық бағытта кесіп өтіп, Орталық Қазақстанның кең байтақ далалары, сондай-ақ Есіл, Тобыл және Ертіс өзендерінің төменгі ағысында VIII-X ғғ. қимақ қоныстары, ал ортағасырларда Батыс Сібір (Іскер, Бечик-тура, Түмен, т.б.) қалаларын біріктірген көне керуен жолдарының бірі болған (Марғұлан, 1949: 21). Көріп отырғанымыздай, ортағасырлар кезеңінде бұл Орталық Ресей, Қазақстан және Орталық Азияны байланыстырған маңызды керуен жолы ғана емес, ру-тайпалардың көші-қон маршруттары да болды. Бұл жағдай Қазақ хандығы тұсында да жалғасын тапты. Бірақ кейінгі орыс патшалығының отарлық экспанциясының күшеюімен бағыттары үлкен өзгерістерге ұшырады.

3. Жоғарыда берілген мәліметтегі «Арқ тағ» атты ороним де ерекше назар аудартады. Біздің аудармамыз бойынша Арқ Тағ атты тау атауы әл-Омаридің 1884 және 2005 жылғы орыс тіліндегі басылымында Уруктаг деген атаумен берілген (Тизенгаузен, 1884: 243; История Казахстана по арабским источникам, 2005: 181). Уруктаг немесе Арқ Таг Орал тауларының атауы болғанын көреміз. Орал (Урал) оронимінің мағынасы мен тарихы туралы ғылыми әдебиетте көптеген пікірлер бар. Солардың ішінде түркінің «арал» сөзімен, яғни Аралтау, немесе «орал, оралу» етістігімен байланысты пайда болғаны туралы тұжырымдар берілген (Мурзаев, 1984: 420). Зерттеушілер негізінен Орал немесе Урал деп Кузнецк Алатауын атағанын да алға тартады. Осыған орай біз әл-Омаридің еңбегінде кездесетін Арқ Тағ/Уруктаг оронимін қазіргі Орал/Урал тауларының байырғы түркілік атауы екендігін байқаймыз.

*Экономикалық географиясына қатысты мәліметтер.*

1. «Оның қол астындағылардың көпшілігі даладағы шатырларда тұрады. Азық ретінде жылқы, сиыр, қой тәрізді малдарды пайдаланады. Оларда егін аз шығады, бидай мен арпа ең азы, бұршақ дақылдары жоқтың қасы. Дақылдардың ішінде олардың ең көп алатыны – тары. Олардың тағамы осыдан тұрады. Тары олардың барлық дерлік жерінде өседі (Lech, 1968: 68; Al-ʿUmarī, 1971: 145).

Хорезм аймағының орталығы саналатын Куранджадан басқа, барлық жерінде бағалар өте төмен. Мұндағы азық-түліктің бағасы тұрақты, сирек төмендейді, олар не жоғары немесе орташа және ешқашан арзандамайды (Lech, 1968: 68; Al-ʿUmarī, 1971: 145).

Етке келетін болсақ, ол арзан. Бұл елде жылқы жиі сойылады. Далада тұратындардың арасында ет сатылмайды. Сатып алмайды, сатылмайды. Азық-түліктерінің көпшілігі аңшылық ет, сүт, өңделген май (өңделмеген май) және тарыдан тұрады. Олардың бірі жылқы, сиыр, қой сияқты малынан айырылса, оны жанұясымен сойып жейді және (осы еттің бір бөлігін) көршілеріне береді. Көршінің қойы, сиыры, жылқысы бүлінсе, оны да сойып, бөліктерін сыйлық берген адамға береді. Осы себепті, оларда етсіз үй ешқашан болмайды. Өйткені олардың әрқайсысы ет беруді араларында парыз деп біледі» (Lech, 1968: 68-69; Al-ʿUmarī, 1971: 145).

2. Бұл ел – суы мен жайылымы бар, егін ексе жақсы өнім беретін ең ірі жерлердің бірі. Бірақ олар – мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі халық. Олар егін егуге және жер өңдеуге көңіл бөлмейді. Татарлар жаулап алғанға дейін бұл елдің барлық жерлері өңделген болатын. Қазір сол берекелі молшылықтың тек қалдығы ғана қалды. Мұнда әр түрлі жүзім, анар, айва, алма, алмұрт, өрік, шабдалы, жаңғақ тәрізді ағаштың және жемістің түрлері өседі.

Мұнда қыпшақ тілінде банджир деп аталатын інжірге ұқсас жеміс бар. Бұл жерде қазір өсетін, жойылып кету қаупінен аман қалған жемістер бұларға дейінгілерден, егіндік жерлер мен бақша егістігін күтіп-баптаушылардан жетті. Жемістердің көп түрі жойылып кеткенімен, таулы аймақтарда, қала шетінде өте көп. Оларда нөсер жаңбыр жауады, жауын-шашын аз, ал мұндағы қауын ерекше сары түсті.

Қауын мұнда жыл бойы болады. Олар оны тілімдерге кесіп, кептіреді. Өте тәтті және жағымды дәмі бар. Оның молдығы мен арзандығы туралы айтады. Кейбіреулері қауынның сұйықтығын сығып алып, қою болғанша қайнатып, одан түрлі тәттілер әзірлейді (Lech, 1968: 71-72; Al-ʿUmarī, 1971: 148-149).

#### *Талдау:*

1. Автордың жоғарыдағы мәліметтеріне сүйене отырып, Алтын Орданың көшпелі өмір салтын ұстанған тұрғындарының күнделікті тағамы мен оның түрлері туралы тұжырым жасауға болады. Әсіресе, мал шаруашылығы өнімдерінің ішінде белокты тағамның маңызды көзі ретінде ет сорпасы мен оның негізінде жасалған тары бұқтырмасы, сондай-ақ ашытылған сүттен жасалған бүгінгі қазақ халқының да ұлттық тағам түрлері болғанын көреміз.

2. Әл-Омаридің жемістер мен көкөністер туралы ақпаратын талдай отырып, осы күнге дейін қалыптасқан көшпелі өмір салтының сипаты туралы тұжырымдарды қайта қарау керектігі туралы ой түйеміз. Себебі көшпелі тұрмыс салты дегеніміз қалалық және отырықшы өмір салты, егіншілік пен бау-бақша, кәсіпшілдік түрлерінен мүлде хабарсыз болды дегенді білдірмейді. Керісінше табиғат жағдайына байланысты шаруашылық жүргізудің қыр-сырын білген көшпелілер егіншілік пен бау-бақшаға қолайлы аймақтарда отырықшылықпен де айналысты. Бұған бір ғана мысал ретінде әл-Омари хабарлап отырған қауынның ерекші дәмді түрі мен одан жасалатын тәтті түрлерінің әлі күнге дейін қазақтар ортасында сақталып отырғанын айтсақ та жеткілікті. Бұл туралы этнограф Т. Картаева Сыр бойы қазақтарының дәстүрінде әлі күнге дейін

«қауын тіліктерін кептіріп, қауын қақ, қауыншек өреді, қазанға қайнатып қауын құрт жасайтынын» атап өтеді. «Қауын құрт – қауынға жүгерінің ұнын қосып қайнатады, суың бастағанда қатаяды, сол кезде құрт жасап кептіреді. Қауыншек немесе қауын қақ жасау үшін тіліктерді сөреге іліп кептіріп, кепкен соң шаш өргендей өреді», - деп жазады (Картаева, 2022: 360).

3. Көшпелілердің шаруашылықты ұйымдастыруы мен оны пайдалануының тұтас циклі экологиялық ұстанымдармен тығыз байланысты. Жарақаттанған немесе басқа да себептермен одан әрі тірі қалмайтын малды сойып алу қазақ халқының арасында бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатыр. Осы арада автордың «сойып алады» деген анықтамасы маңызды. Дегенмен, автор тағы бір жерінде саудагер ас-Садр Жамал ад-Дин 'Абдулла әл-Хиснидің мәліметіне сүйене отырып, бұл мемлекеттің көптеген көшпелі тұрғындары мал терісін малдың сойылған немесе арам өлгеніне қарамастан сыпырып алып, илеп немесе иленбеген түрінен де киім киетінін атап өтіп, олардың кейде тамақтың тиым салынған немесе нашар тағам түрлерін ажыратпай тамаққа пайдалана беретіндігі туралы мәліметін де алға тартады. Бұл арада тамақ түрлері туралы автор мен оның ақпарат берушілерінің дүниетанымындағы «арам-харам» ұғымы арасындағы айырмашылықты есте ұстау қажет деп санаймыз.

4. Автор Өзбек хан иелігінің ең солтүстік бөлігінде түркілердің тұрмыс деңгейінің төмендігі мен өмір сүру жағдайының ауырлығын хабарлайды. Осыған орай олар «жағдайы өте нашар болғандықтан, біреуі ет тауып алса, оны пісіреді, бірақ пісіріп болғанша, сорпасын ішеді және етті басқа уақытта жеуге қалдырады. Содан кейін сүйектерді жинап, қайтадан қайнатады және осы сорпаны ішеді. Осыдан-ақ өмір салты туралы ойлана беріңіз», – дейді. Бұлар – Хасан ар-Румидің айтуынша, «Сібір мен Жулманның» тұрғындары, яғни Сібір түркілері туралы мәліметтер. Біз өз кезегімізде Алтын Орданың негізгі халқын құраған, жалпы көшпелілік өмір салтын ұстанған тайпалардың негізгі экономикалық базисі болған мал шаруашылығының өз ішінде жіктелетініне назар аудару қажеттігін алға тартамыз. Соның ішінде Дешті Қыпшақ көшпелілерінің дамыған көшпелі мал шаруашылығының отырықшы-егіншілік салтымен тығыз байланысты симбиозға негізделген жетілген формасы болғанын атап көрсетуге тиіспіз. Сондықтан әл-Омаридің еңбегінде Алтын Орданың негізгі тұрғындарының мал шаруашылығы мен тұрмыс салты туралы ақпарат берген авторлардың мәліметтер бір-біріне қарама-қайшы келіп жатады.

5. Әл-Омари Алтын Орда аймағындағы бағалардың жалпы төмендігі туралы айта келе, Хорезм аймағының орталағы Куранджада бағаның тұрақты түрде қымбаттығын айтады. Автор тағы бір жерінде Хорезм мен Сарайдағы бағаның ұқсастығын атап өтеді. Осыған орай, Алтын Орданың қалалары мен далалық аймағының қарым-қатынасы, әсіресе қаланы мал өнімдерімен қамтамасыз ету жолдары қандай болды деген мәселе қызығушылық туғызады. Зерттеуші Л.В. Яворская Алтын Орда қалаларын ет өнімдерімен қамтамасыз ету жолдарын зерттеген. Зерттеуші XIV ғасырдың ортасынан бастап қала мен көшпелілер ортасында қала тұрғындарын етпен қамтамасыз ету тұрақты, жақсы

жолға қойылғанын атап өтеді. Зерттеуші қала тұрғындарының ас қалдықтарының орындарынан табылған сүйектерді зерттей отырып, сиыр еті қала маңындағы ауылдық аймақтардан, қой мен жылқы еттері далалық аймақтардан келгенін көрсете отырып, ауылдық және далалық мал шаруашылығының тауарлық түрі өскені туралы қорытынды жасайды. Зерттеуші бұл тұжырымдарын Болғардың орталық бөлігінің кейінгі ордалық қабаттарынан алынған үй жануарларының сүйектеріне жасалған изотопты анализ нәтижелерімен дәлелдейді. Зерттеуші қой сүйектеріндегі көміртегі мен азоттың ауыр изотоптарының құрамы бұл жануарлардың құрғақ, далалы аймақтардан шыққанын көрсетеді, ірі қара мал негізінен жергілікті ауылдық округте өсірілген деген тұжырымға келген (Яворская, 2017: 316).

### Нәтижелер

Осылайша Алтын Орда тарихына қатысты археологиялық деректердің ғылыми айналымға енуімен және пәнаралық жаңа зерттеулердің нәтижелеріне орай Алтын Орда тарихына қатысты араб тілді деректердің ішінде ең маңызды болып саналатын ортағасырлық әл-Омаридің мәліметтерін қайтадан интерпретациялау қажеттілігі туындап отырғанын көреміз. Археологиялық зерттеулер мен ауыз әдебиеті үлгілерін дерек ретінде қайта сараптау, жалпы Алтын Орданың саяси, әкімшілік құрылымы, көшпелі мал шаруашылығының сипаты, ұйымдасу ерекшеліктері туралы тың тұжырымдар жасауға мүмкіндік беріп отыр. Осы орайда классикалық жазба дерек мәліметтерін ескі көзқарастар тұрғысынан талдаған еңбектердің нәтижелеріне сын көзбен қарау маңызы орын алады. Сондықтан мақалада бұрын зерттеушілер назарынан тыс қалған немесе жете қарастырылмаған мәліметтерге назар аударылды. Сонымен қатар, аутентивтігі жоғары саналатын дерек қатарына жататын әл-Омари шығармасында бір мәселеге қатысты, бір-бірінен ерекшеленетін ақпараттардың (мәселен, Сарай қаласының шағын, дамымаған/үлкен, гүлденген қала немесе Алтын Орданың көшпелі тұрғындарының мал санының аздығы, тұрмыс деңгейінің нашар, кедейлігі/көптігі, жақсы, байлығы туралы – авт.) болуының себептері талқыланды.

### Қорытынды

Әл-Омари мәліметтері Алтын Орданың тарихи географиясы, соның ішінде Алтын Орданың шекарасы, ортағасырлық алтынордалық қалалардың топографиясы, тарихи топонимикасы, экономикалық географиясына қатысты соңғы зерттеулер нәтижелеріне қатысты жаңа тұрғыдан талданды. Автордың Алтын Орданың экономикалық географиясына қатысты мәліметтері көшпелі мал шарушылығын ұйымдастырудың заңдылықтары мен көшпелілердің көші-қон маршруттары, керуен жолдары туралы басқа да дереккөздері мен зерттеулер тұрғысынан алғанда нақтылығы мен шынайылығы қаншалықты деген сауалдар шеңберінде сараланды. Әл-Омаридің еңбегінде

кездесетін топонимдердің бірі бұрынғы тарихнамада қалыптасқан Алтын Орданың оңтүстіктегі шекарасы шектесетін аймақ ретінде ретінде аталған Темір қақпаны Бакумен сәйкестендірудің қате екендігіне назар аудара отырып, зерттеушілер Темір Қақпа - Дербент екенін анықтағанын, сонымен қатар, деректегі «Немедж» атауының Венгрия емес Германияның атауы екендігі туралы да тұжырымдар берілді. Біз өз тарапымыздан, «Арқ Тағ» немесе «Уруктағ» оронимі қазіргі Орал тауларының түркілік атауы екендігі туралы тұжырымға тоқталамыз. Әл-Омаридің дерегіндегі Сарай туралы екі түрлі ақпараттың болуы XIV ғасырдағы бір қаланың даму динамикасын көрсетеді. Алтын Ордадағы қала мәдениетінің жандануы, қалалар санының артуынан ғана емес, жекелеген қалалардың гүлденуінен де айқын көрінді. Сонымен бірге әл-Омариге ақпарат берген авторлардың дүниетанымдық құндылықтары тұрғысынан берілген мәліметтерін көшпелі өмір салтын сипаттауда дерек ретінде қолдана отырып, оларды талдауға деректанулық сын әдісін негізге алудың маңыздылығына тоқталамыз.

Алтын Орданың негізгі халқын құраған қыпшақ этноқауымдастығына кірген ру-тайпалардың экономикалық базисі болған көшпелі мал шаруашылығын жүргізудің негізгі заңдылықтары мен сабақтастығы туралы қорытынды жасаймыз. Автордың мәліметтерін талдай отырып, Еділ бойы, Оңтүстік Орал және Оңтүстік Сібір аймағы далаларында қоныстанған көшпелі ру-тайпалардың ерте ортағасырлар кезеңінен сақталып қалған дәстүрі бойынша маусымдық жайылымдарға көшу маршруттары Алтын Орда кезеңінде де сақталып қалғанын көреміз. Көшпелілердің шаруашылықты ұйымдастыру дәстүрінің экологиялық сипаты туралы ой түйеміз.

### Әдебиет

Алтын Орда әдебиеті: генезис, жанрлық ерекшелік, дәстүр жалғастығы, 2022. Алматы: Evo Press. 320 б.

Владимиров Г.Г., 2010. Об одном сведении Эль-Омари относительно болгар и его возможные интерпретации // Золотоордынская цивилизация: Сборник статей. Выпуск 3. Казань: Изд. «Фэн» АН РТ. С. 69-73.

Гончаров Е.Ю., 2000. Старый и Новый Сарай – столица Золотой Орды (новый взгляд на известные источники) // Степи Европы в эпоху средневековья: сб. науч. ст. / Гл. ред. А.В. Евглевский Т.1. Донецк: ДонГУ. С. 345-349.

Ильясова З.С., Айгумусова А.Т., 2018. Сопоставительный анализ сведений о Дешт-и Кыпчак ал-Умари и ал-Калкашанди // Вестник КазНУ. Серия востоковедения. №2 (85). С. 60-66.

История Казахстана в арабских источниках, 2005. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем (Переработанное и дополненное издание) Подготовка к новому изданию, введение, дополнения и комментарии Б.Е. Кумекова, А.М. Муминова. Т. I. Алматы: Дайк-Пресс. 709 с.

Картаева Т., 2022. Сыр-Арал этнографиясы. Алматы: Қазақ. Кітабы. 512 б.

Лавшина И.Ю., 2019. Проблема правления Тинибека // Генуэзская Газария и Золотая Орда. Т.2: В памяти Г.А. Федорова-Давыдова / Под редакцией С. Г. Бочарова и А. Г. Ситдикова Казань-Кишинев. С. 547-550.

Маргулан А.Х., 1949. Древние караванные пути через Бетпак дала // Вестник АН КазССР. №1. С. 68-78.

Масанов Н.Э., 2011. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества. Изд. 2-е, дополненное. / Сост. Л.Е. Масанова, И.В. Ерофеева. Алматы: Print-S. 740 с.

Мурзаев Э.М., 1984. Словарь народных географических терминов. Москва. Мысль. 653 с.

Напольских В.В., 2006. Вятка, Джулман, Югра и Сибирь в арабском источнике в первой половине XIV в. // Вопросы ономастики. № 3. С. 65-75.

Тизенгаузен В., 1884. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, извлечения из арабских источников. Т.1. СПб. 564 с.

Ускенбай К.З., 2013. Восточный Дашт-и Кыпчак в XIII – начале XV века. Проблемы этнополитической истории Улуса Джучи. Казань: Изд-во «Фэн» АН РТ. 288 с.

Яворская Л.В., 2017. Домашние животные в быту и экономической системе Золотой Орды: письменные свидетельства и археозоологические реалии // III международный конгресс средневековой археологии евразийских степей «Между Востоком и Западом: движение культур, технологий и империй» / Отв. ред. Н.Н. Крадин, А.Г. Ситдииков. Владивосток: Дальнаука. С. 313-318.

Al-ʿUmarī, 1971. *Shihāb ad-Dīn Aḥmad ibn Faḍl Allāh al-ʿUmarī. Masālik al-abṣār fī mamālik al-amṣār*. Dar al-kutub al-ilmiyah. Est. By Muhammed Ali Baydoun. Beirut-Lebanon. V. 3. 414 p.

Al-ʿUmarī, 1992. *Shihāb ad-Dīn Aḥmad ibn Faḍl Allāh al-ʿUmarī. at-Taʾrīf bi-al-muṣṭalaḥ ash-sharīf*. Samir ad-Darubi. Al-Karak. Zamīʿa Muʿta. 425 p.

Hiroyuki Nagamine, 2024. Where Was Sarai, the “Capital” of the Jochid Ulus? Some Perspectives for Research on Sarai // *Crossroads*. Brill. 2024. P. 1-33.

Klaus Lech, 1968. *Das Mongolische Weltreich: al-Umari-s Darstellung der mongolischen Reiche in seinem Werk Masalik al-absar wa mamalik al-amsar*. Wiesbaden. 641 p.

### Reference

Altyn Orda adebieti: genesis, janrlyq erekshelik, dastur jalǵastyǵy [Literature of the Golden Horde: genesis, genre specificity, continuity of tradition], 2022. Алматы: «Evo Press». 320 p. [in Kazakh].

Vladimirov G.G., 2010. Ob odnom svedenii El-Omari otnositelno bolgar i ego vozmojnye interpretatsii [About one piece of information from El-Omari regarding the Bulgarians and its possible interpretations]. *Zolotoordynskaia tsivilizatsiia. Sbornik statei. Vypysk 3*. Kazan: Izd. «Fen» AN RT. P. 69-73. [in Russian].

Goncharov E.I., 2000. Staryi i Novyi Sarai – stolitsa Zolotoi Ordy (novyi vzgliad na izvestnye istochniki) [Old and New Sarai - the capital of the Golden Horde (a new look at well-known sources)]. *Stepi Evropy v epohy srednevekoviya: Sb. nauch. st. Gl. red. A.V. Evglevskii T.1*. Donetsk: DonGÝ. P. 345-349. [in Russian].

Ильясова З.С., Айгымсынова А.Т., 2018. Sopostavitelnyy analiz svedeniı o Desht-i Kypchak al-Umari i al-Kalkashandi [Comparative analysis of information about Dasht-i Kipchak al-Umari and al-Kalkashandi]. Vestnik KazNŪ. Seriya vostokovedeniia. №2 (85). P. 60-66. [in Russian].

Istoriia Kazahstana v arabskikh istochnikakh [Collection of materials related to the history of the Golden Horde], 2005. T.I. Sbornik materialov, odnosiashsia k istorii Zolotoi Ordy. Izvlecheniia iz arabskikh sochinenii, sobrannye V.G. Tizengaýzenom [Extracts from Arabic works collected by V.G. Tiesenhausen] (Pererabotannoe i dopolnennoe izdanie) Podgotovka k novomyı izdaniıy, vvedenie, dopolneniia ikommentarii B.E. Kýmekova, A.M. Mýminova. Almaty: Daik-Press. 709 p. [in Russian].

Kartaeva T., 2022. Syr-Aral etnografiıasy [Syr-Aral ethnographies]. Almaty: Qazaq. Kitaby. 512 p. [in Kazakh].

Lavshina I.Íy., 2019. Problema prvlenuia Tinıbeka [The problem of Tinibek's rule]. Genýezskaia Gazariia i Zolotaia Orda. T.2: V pamiati G.A. Fedorova-Davydova. Pod redaktsiei S.G. Bocharova i A.G. Sıtdıkova Kazan-Kıshınev. P. 547-550. [in Russian].

Margýlan A.H., 1949. Drevnie karavannye pýti cherez Betpak dala [Ancient caravan routes through Betpak dala]. Vestnik AN KazSSR. №1. P. 68-78. [in Russian].

Masanov N.E., 2011. Kochevaia tsivilizatsiia kazahov: osnovy jinediatelnosti nomadnogo obestva [Nomadic civilization of the Kazakhs: the basics of life of a nomadic society]. Izd. 2-e, dopolnennoe. Sost. L.E. Masanova, I.V. Erofeeva. Almaty: Print-S. 740 p. [in Russian].

Mýrzaev E.M., 1984. Slovar narodnyh geograficheskikh terminov [Dictionary of folk geographical terms]. Moscow: Mysl. 653 p. [in Russian].

Napolskikh V.V., 2006. Viatka, Djýlman, Íygra i Sibir v arabskom istochnike v pervoi polovine XIV v. [Vyatka, Dzhulman, Yugra and Siberia in an Arabic source in the first half of the 14th century]. Voprosy onomastiki. № 3. P. 65-75. [in Russian].

Tiesenhausen W., 1884 Sbornik materialov, odnosyashexsya k istorii Zolotoi Ordy, izvleshenie iz arabskix istoshnikov [A collection of materials related to the history of the Golden Horde, extracts from Arabic sources]. T.1. St. Petersburg. 564 p. [in Russian].

Yskenbai K.Z., 2013. Vostochnyı Dasht-ı Kypchak v XIII – nachale XV veka. Problemy etnopoliticheskoi istorii Ýlýsa Djýychı [Eastern Dasht-i Kipchak in the XIII - early XV centuries. Problems of the ethnopolitical history of Ulus Jochi]. Kazan: Izd-vo «Fen» AN RT. 288 p. [in Russian].

Iavorskaia L.V., 2017. Domashnie jivotnye v bytı i ekonomicheskoi sisteme Zolotoi Ordy: pismennye svıdetelstva i arheozoologicheskie realı [Domestic animals in everyday life and the economic system of the Golden Horde: written evidence and archaeozoological realities]. III Mejdýnarodnyı kongress srednevekovoı arheologii evrazijskikh stepei «Mejdý Vostokom i Zapadom: dvıjenie kýltýr, tehnologii i imperıı». Otv. red. N.N. Kradın, A.G. Sıtdıkov. Vladivostok: Dalnayıka. P. 313-318. [in Russian].

Al-‘Umari, 1971. Shihāb ad-Dīn Aḥmad ibn Faḍl Allāh al-‘Umari. Masālik al-abṣār fi mamālik al-amṣār. Dar al-kutub al-ilmiyah. Est. By Muhammed Ali Baydoun. Beirut-Lebanon. V. 3. 414 p. [in Arabic].

Al-‘Umari, 1992. Shihāb ad-Dīn Aḥmad ibn Faḍl Allāh al-‘Umari. at-Ta’rīf bi-al-muṣṭalaḥ ash-sharīf. Samir ad-Darubi. Al-Karak. Zamı’a Mu’ta. 425 p. [in Arabic].

Hiroyuki Nagamine, 2024. Where Was Sarai, the “Capital” of the Jochid Ulus? Some Perspectives for Research on Sarai. Crossroads. Brill. P. 1-33.

Klaus Lech, 1968. Das Mongolische Weltreich: al-Umari-s Darstellung der mongolischen Reiche in seinem Werk Masalik al-absar wa mamalik al-amsar. Wiesbaden. 641 p. [in Arabic].

**Z.S. Ilyassova<sup>a</sup>**

*<sup>a</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan  
(E-mail: zibaguliyasova@gmail.com)*

**\*M.S. Nogaibaeva<sup>b</sup>**

*<sup>b</sup>Al-Frabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan  
(E-mail: nmskaz1129@gmail.com)*

*\*Corresponding author: nmskaz1129@gmail.com)*

### **Al-Omari's information on the historical geography of the Golden Horde**

**Abstract.** The written information by the Arab historian al-Omari, due to its authenticity, is a highly valuable source for the history of the Golden Horde.

As new archaeological and historical data about the Golden Horde emerge, there is a need to critically reassess classical sources and analyze them in light of modern research. The article examines Al-Omari's data within the framework of recent research on the historical geography of the Golden Horde, including its borders, medieval cities' topography, urban growth dynamics, historical toponymy, and economic geography. The Ark Tag/Uruktag oronym, mentioned by al-Omari, is considered to be the Turkic name of the Ural Mountains. Additionally, al-Omari's information regarding the economic geography of the Golden Horde is viewed as reflecting the regularities in the organization of nomadic pastoralism, migration routes, caravan paths of the nomads, as well as the ecological nature of the organization of the nomadic husbandry. In the article, historical-comparative methods are employed, along with new modern methodologies. Among these is the method of logical positivism, enabling new conclusions about the state, political and administrative structure of the Golden Horde, as well as the nature of nomadic pastoralism and the lifestyle of that era's people.

**Keywords:** Golden Horde, Al-Omari, historical geography, toponymy, economic geography, Sarai, Turan, Ark Tag, Tinibek.

**З.С. Ильясова<sup>a</sup>**

*<sup>a</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Астана, Республика Казахстан  
(E-mail: zibaguliyasova@gmail.com)*

**\*М.С. Ногайбаева<sup>b</sup>**

*<sup>b</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Республика Казахстан  
(E-mail: nmskaz1129@gmail.com)*

*\*Автор для корреспонденции: nmskaz1129@gmail.com)*

### **Сведения аль-Омари по исторической географии Золотой Орды**

**Аннотация.** Письменные сведения, написанные арабским историком аль-Омари, в силу своей аутентичности являются ценнейшим и важным источником по истории Золотой Орды. По мере введения в научный оборот новых данных из археологии и вспомогательных исторических



дисциплин по истории Золотой Орды возникает необходимость по-новому критически рассмотреть сведения классических письменных источников и проанализировать их с точки зрения новых современных исследований. В этом аспекте в статье пересматриваются данные от аль-Омари в контексте результатов новейших исследований. Это касается исторической географии Золотой Орды, включая границы Золотой Орды, топографию средневековых городов Золотой Орды, динамики расцвета городов, исторической топонимики, экономической географии. Ороним Арк Таг/Уруктаг, встречающийся в аль-Омари, мы считаем тюркским названием Уральских гор. Кроме того, информация аль-Омари, касающаяся экономической географии Золотой Орды, авторами рассматривается как закономерность организации кочевого скотоводства, маршрутов миграций и караванных путей кочевников, определения экологической природы организации кочевого хозяйства.

Для анализа источниковедческих данных аль-Омари по указанным вопросам Золотой Орды используются историко-сравнительные приемы и средства, а также новые современные методологии. К числу последних также следует отнести и метод логического позитивизма, который позволяет сделать новые выводы о государственной, политической и административной структуре Золотой Орды, характере кочевого скотоводства, особенностях образа жизни людей той эпохи.

**Ключевые слова:** Золотая Орда, аль-Омари, историческая география, топонимика, экономическая география, Сарай, Туран, Арк Таг, Тинибек.

***Авторлар туралы мәлімет:***

*Ильясова Зибатул*, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0002-6507-4364

Scopus ID: 57213083436

*Ногайбаева Мендигуль*, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғ., 71, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0003-4093-1435

Scopus ID: 57193933406

***Information about authors:***

*Ilyassova Zibagul*, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satbaev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-6507-4364

Scopus ID: 57213083436

*Nogaibaeva Mendigul*, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Al-Frabi Kazakh National University, 71 al-Frabi Ave., Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0003-4093-1435

Scopus ID: 57193933406

***Сведения об авторах:***

*Ильясова Зибугул*, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатбаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0002-6507-4364

Scopus ID: 57213083436

*Ногайбаева Мендигуль*, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, пр. аль-Фараби, 71, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0003-4093-1435

Scopus ID: 57193933406